Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
«Қазгидромет» РМК

# 2025 жылғы шілде айына
# АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



Астана 2025 жыл.

# Мазмұны

Алғы сөз........................................................................................................................................ 4

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес шілде айының қысқаша климаттық сипаттамасы …...................................................................................................................... 5

Шілде айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте)............................................................................................ 7

2025 жылдың шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасының нормадан ауытқуы...................………..…………….............. 8

Шілде айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) ………..……………….………..............………………..…....................... 8

2025 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы ………………………………......................... 9

Шілде айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) …………….………………………..….............................................. 9

2025 жылы Қазақстан аймақтары бойынша шілде айында күтілетін орташа ауа температурасы ….................................................................................... 10

Ауа райының облыстар бойынша графигі ……......……………………………………….......................... 11

2025 жылдың шілде айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы ………………………....………………………………...……………………... 12

Батыс Қазақстан облысы ….……………………………………………………………........................... 13

Атырау облысы ………………………………........................................................................................ 14

Маңғыстау облысы ...……………………………………………………………………………………... 15

Ақтөбе облысы ………………………………………………………………….................................... 16

Қостанай облысы …………………...…………….....………………………….............................. 17

Солтүстік Қазақстан облысы…………………………………………………….......................... 18

Ақмола облысы ……….....…………………………………………………………………………….... 19

Павлодар облысы ………………………………………………………............................................. 20

Ұлытау облысы ……………………………….......................................................................................... 21

Қарағанды облысы ...………………………………………………………………………………………… 22

Абай облысы ....………………………………………………………………………………………….... 23

Шығыс Қазақстан облысы ..……………...……………………………………………………………… 24

Қызылорда облысы ...……………………………………………………………….......................... 25

Түркістан облысы ……………………...…………………………………………………………………. 26

Жамбыл облысы ……………………………........................................................................................... 27

Алматы облысы ...………………………………………………………………………………………..... 28

Жетісу облысы ....………………………………………………………………………………………… 29

**Алғы сөз**

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың  қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы  консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^0C$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет. Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.*

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:
Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:
Ж.Қ.  Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ жетекші инженер-синоптигі: А. Шартакбаева, А. Токтарова тел. (7172) 79-83-95.

Аударған - АРҰМББ жетекші инженер-синоптигі: А. Шартакбаева, А. Токтарова, тел. (7172) 79-83-95

**Гидрометорталық директоры** **М. Шмидт**

**АРҰМББ  басшысы** **Ж. Исабекова**

**Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес шілде айының қысқаша климаттық сипаттамасы**

Шілде айында күннің жарық уақыты қысқара бастайды, маусымға қарағанда бұл айда күн көкжиектен көп төмендеп, ауаның орташа айлық температурасы жоғарылайды және жылдағы өзінің ең жоғарғы мәніне жетеді. Солтүстік пен шығыста ол +18+23°С Шығыс Қазақстан облысының тауларында +14+16°С, республиканың оңтүстігіне қарай жоғарылай отырып, қиыр оңтүстікте +28+30°С-қа жетеді.

Ауаның орташа тәуліктік температурасы +20+25°С-тан асатын бір айдағы тәулік саны Қазақстанның солтүстік облыстарында 15-20 тәулікті, оңтүстік облыстардың жазық бөлігінде 25-30 тәулік құрайды.

Шілдеге ауаның орташа тәуліктік температурасының көп тербелісте ауытқуы тән: республиканың оңтүстік бөлігінде +16+19°С, Қазақстанның солтүстігінде және оңтүстігі мен оңтүстік-шығысының тау бөктерлі аудандарында +12+15°С, тек тауларда ғана +10°С-тан аздау болады.

Шілдеде абсолюттік максимум солтүстік және шығыс облыстарда +42+43°С, батыс, орталық, оңтүстік-шығыста +47+48°С, оңтүстікте +49+50°С-қа жетеді. Абсолюттік максимумның қайталануы солтүстік пен шығыста 10 жылда 2 рет, оңтүстік облыстарда 10 жылда 7-8 рет болады, ал қиыр оңтүстікте мұндай ыстық жыл сайын байқалуы мүмкін.

Шілдеде ыстық ауа райымен қатар Қазақстанның солтүстігі мен шығысында түнде 0,+5°С және қалған жерлерде +7+12°С дейін біршама суынуы да мүмкін. Шілдеде үсік өте сирек кездеседі, дегенмен кей жылдары Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір стансаларында -1-4°С-қа дейін төмендейді.

Шілдеде Қазақстанның солтүстік жартысында жауын-шашынның жылдық максимумы байқалады. Батыс облыстарда ол маусымда болып өтеді, ал оңтүстік облыстарға керісінше, жауын-шашын мөлшерінің одан ары азаюы тән.

Жауын-шашынның ең көп айлық мөлшері республиканың солтүстігінде 45-83 мм, шығыстың таулы және тау бөктерлі аудандарында 86-182 мм, солтүстіктен оңтүстікке қарай жауын-шашынның мөлшері азайып, оңтүстік-шығыстың тау бөктерлі және таулы аудандарын қоспағанда жауын-шашынның мөлшері 26-54 мм, ал таулы аудандарда 60-160 мм, кей кездерде 250 мм-ге дейін және одан да көп, республиканың оңтүстік бөлігінде 1-12 мм ғана, кей жерлерде 14-24 мм болады.

Шілдеде жаңбыр нөсер түрінде жауады, кейде бір тәулікте айлық мөлшері және одан да көп жауауы мүмкін.

Шілдеде жаңбырлы күндердің саны солтүстік облыстарда және шығыс пен оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 8-15, кей жылдары 18-23, тауларда 20-26, шөлді аудандарда 1-4, ал тым ылғалды жылдары 5-7 тәулік болады.

Қуаңшылық (жауын-шашынның айлық мөлшері нормадан 30% аз) солтүстік облыстарда орта есеппен 10 жылда 1 рет, шөл аумақтарда жиірек-10 жылда 4-6 рет болып тұрады.

Шілдеде найзағай жиі шығыс және оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 8-12 тәулік, солтүстік облыстарда 6-8 тәулік, батыс облыстарда 5-6 тәулік, шөлді аудандарда айына 1-2 тәулік болады.

Бұршақтың жауұы сирек құбылыс, барлық жерде болмайды. Бұршақ көбінесе оңтүстік-шығыстағы таулы аудандарда 10 жылда 6-9 рет, Іле Алатауының солтүстік беткейлерінде жыл бойы айына 1-3 рет жауады.

# Шілде айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

| Облыс | Ауа температурасы,°С | Жауын-шашын мөлшері, мм |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан облысы | +22,7...+26,2 | 14...39 |
| Атырау облысы | +25,6...+27,9 | 8...18 |
| Маңғыстау облысы | +26,1...+30,1 | 8...13 |
| Ақтөбе облысы | +20,6...+26,8 | 9...39 |
| Қостанай облысы | +19,8...+24,6 | 15...59 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | +18,7...+20,3 | 56...81 |
| Ақмола облысы | +18,2...+21,2 | 37...82 |
| Астана қаласы | +20,6 | 56 |
| Павлодар облысы | +20,1...+21,7 | 48...75 |
| Ұлытау облысы | +21,5...+26,1 | 5...28 |
| Қарағанды облысы | +18,8...+24,9 | 14...66 |
| Абай облысы | +18,9...+24,6 | 20...55 |
| Шығыс Қазақстан облысы | +14,6...+23,7 | 24...85 |
| Қызылорда облысы | +26,9...+29,3 | 3...8 |
| Түркістан облысы | +17,5...+30,0 | 1...26 |
| Шымкент қаласы | +26,8 | 10 |
| Жамбыл облысы | +21,6...+27,4 | 7...32 |
| Алматы облысы | +8,5...+26,6 | 11...138 |
| Алматы қаласы | +24,4 | 43 |
| Жетісу облысы | +17,9...+26,1 | 11...80 |

## 2025 жылғы шілде айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

***Шілде*** айында ауаның орташа айлық температурасы республика аумағының басым бөлігінде *норма шамасында*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының басым бөлігінде, Түркістан облысының оңтүстік жартысында, Қызылорда, Жамбыл, Алматы облыстарының оңтүстігінде *нормадан 1° жоғары* күтіледі.

**2025 жылдың шілде айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы**




**Шілде айындағы көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма: 1991-2020 жж.)**



## 2025 жылдың шілде айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

Шілде айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Қостанай облысының солтүстік батысында, еліміздің солтүстік-шығыс бөлігінде *нормадан көп* республиканың қиыр оңтүстік-батысында *нормадан аз* болады деп болжанады.

**2025 жылдың шілде айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы**




**Шілде айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)**



## 2025 жылғы шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы республиканың басым бөлігінде +18+25°С, елдің оңтүстік және оңтүстік - батыс бөлігінде +26+30°С, қиыр Шығыста және республиканың оңтүстік-шығысындағы таулы аймақтарда +14+17°С болады деп күтілуде.

**2025 жылдың шілде айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы**




## Жыл аналогы - 2000 жыл

# Облыстар бойынша ауа райы кестесі

## Батыс Қазақстан облысы



## Атырау облысы



## Маңғыстау облысы



## Ақтөбе облысы



## Қостанай облысы



## Солтүстік Қазақстан облысы



## Ақмола облысы



## Павлодар облысы



## Қарағанды облысы



## Ұлытау облысы



## Абай облысы



## Шығыс Қазақстан облысы



## Қызылорда облысы



## Түркістан облысы



## Жамбыл облысы



## Алматы облысы



## Жетісу облысы



**Шартты белгілер:**



# Қазақстан облыстары бойынша 2025 жылғы шілде айына консультативтік ауа райы болжамы

## Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +24,1+27,2°С, бұл *нормадан 1° жоғары* күтіледі (норма: +22,7+26,2°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С-тан +25+30°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +26°С-тан +21°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С-тан +20+25°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +35+40°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +21+26°С-тан, облыстың солтүстігінде +17°С-тан +16+21°С-қа дейін, *күндіз* +37+42°С-тан +32+37°С-қа, облыстың солтүстігінде +32°С-тан +27°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* оңтүстік-батысында – *нормадан аз* күтіледі (норма: 14-39 мм).

Қысқа мерзімді жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел көбінесе бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Бұршақ екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



**Атырау облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +26,9+29,1°С, бұл *нормадан 1° жоғары* күтіледі (норма: +25,6+27,9°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +11+16°С-қа дейін, *күндіз* +32+37°С-тан +27+32°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +22+27°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан +38+43°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +22+27°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +38+43°С-тан +33+38°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз,* солтүстік-шығысында *норма шамасында* – күтіледі (норма: 8-18 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында күтіледі. Шаңды дауыл айдың басында болжанады. 15-20 м/с жел – бірінші онкүндіктің басында және соңында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +28,6+31,4°С, бұл *нормадан 1° жоғары* болады деп күтіледі (норма: +26,1+30,1°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +22+27°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +36+41°С-тан +31+36°С-қа дейін, облыстың батысында +31°С-тан +25°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +22+27°С-қа дейін, *күндіз* +31+36°С-тан +36+41°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +23+28°С-тан +17+22°С, облыстың батысында +27°С-қа дейін, *күндіз* +36+41°С, облыстың батысында +33°С-тан +31+36°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан аз* күтіледі (норма: 8-13 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай айдың бірінші онкүндігінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл айдың басында болжанады. 15-20 м/с жел – көбінесе бірінші онкүндікте және екінші онкүндіктің соңында күтіледі.



## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +20,6+27,6°C күтілуде, бұл *норма шамасында*. (норма: +20,6+26,8°C).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +18+23°C-тан +13+18°C-қа дейін, *күндіз* +28+33°C-тан +23+28°C-қа дейін төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +13+18°C-тан +18+23°C-қа дейін, *күндіз* +23+28°C-тан +30+35°C-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +18+23°C-тан +13+18°C-қа, облыстың солтүстігінде +10°C-қа дейін, *күндіз* +30+35°C-тан +23+28°C-қа дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +21+26°C-қа, облыстың солтүстігінде +15°C-қа дейін, *күндіз* +33+38°C-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* оңтүстік-батысында *нормадан аз* күтілуде (норма: 9-39 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел бір ай ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжануда.



## Қостанай облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +19,5+24,3°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +19,8+24,6°С).

Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +13+18°С-тан +18+23°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +10°С-тан +15°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С-тан +28+33°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы *түнде* +10+15°С дейін, *күндіз* +20+25°С дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-тан +22+27°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +17+22°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +17+22°С дейін, *күндіз* +33+38°С дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың солтүстік-батысында *нормадан көп* күтіледі. (норма: 15-59 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай көбінесе бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. 15-20 м/с жел бір ай ішінде жиі күтіледі. Тұман бірінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +18,8+19,8°С күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,7+20,3°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +9+14°С-тан +14+19°С-қа дейін, *күндіз* +21+26°С-тан +26+31°С-қа дейін жоғарылайды деп болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +5+10°С дейін, *күндіз* +15+20°С дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан +20+25°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +8+13°С дейін, *күндіз* +20+25°С дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +18+23°С-қа дейін, *күндіз* +30+35°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың батыс жартысында *норма шамасында*, шығыс жартысында *нормадан көп* күтілуде (норма: 56-81 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай көбінесе бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында және соңында күтіледі. 15-20 м/с жел бір ай ішінде жиі күтіледі.



## Ақмола облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +17,7+20,6°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,2+21,2°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +9+14°С-тан +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +19+24°С-тан +27+32°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +27°С-тан +35°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +9+14°С-қа дейін, *күндіз* +24+29°С-тан +19+24°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +8+13°С дейін, *күндіз* +18+23°С дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +16+21°С дейін, *күндіз* +34+39°С дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың солтүстік-шығыс жартысында *нормадан көп* деп күтіледі. (норма: 37-82 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, шаңды дауыл, 15-20 м/с жел бір ай ішінде жиі күтіледі. Дауыл екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін.



**Павлодар облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +19,7+21,3°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +20,1+21,7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +8+13°С-тан +18+23°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +30+35°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +38°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында-ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +15+20°С-тан +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан +20+25°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +18+23°С-қа дейін, *күндіз* +32+37°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болады деп күтілуде. (норма: 48-75 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел ай ішінде жиі күтіледі.



**Ұлытау облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +21,3+25,6°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +21,5+26,1°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +12+17°С-тан +17+22°С-қа, *күндіз* +25+30°С, облыстың солтүстігінде +22°С-тан +35+40°С-қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа, *күндіз* +30+35°С-қа дейін төмендейді.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа, *күндіз* +25+30°С-қа дейін одан әрі төмендеуі болжануда. Содан кейін ауа температурасы *түнде* +17+22°С-қа, *күндіз* +31+36°С-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +17+22°С-тан +9+14°С-қа, *күндіз* +31+36°С-тан +23+28°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы *түнде* +19+24°С-қа, *күндіз* +37+42°С-қа дейін жоғарылайды.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* болжанады (норма: 5-28 мм)

Өткінші жаңбыр, найзағай екінші онкүндіктің басында болуы ықтимал. Шаңды дауыл – бірінші онкүндіктің ортасында, екінші онкүндіктің басында. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі болжанады.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +18,3+24,7°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,8+24,9°С).

Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының түнде +10+15°С-тан +17+22°С-қа дейін, *күндіз* +22+27°С-тан, облыстың солтүстігінде +17°С-тан +31+36°С-қа жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +21+26°С-қа дейін одан әрі төмендеуі болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +15+20°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +10+15°С-қа, *күндіз* +22+27°С-қа дейін төмендейді. Содан соң ауа температурасының *түнде* +17+22°С-қа, *күндіз* +31+36°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстік-шығысында *нормадан көп* күтіледі (норма: 14-66 мм)

Өткінші жаңбыр, найзағай жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Шаңды дауыл жиі бірінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы мүмкін. 15-20 м/с жел бір ай бойы жиі күтіледі.



**Абай облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +18,5+24,5°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +18,9+24,6°С).

Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +9+14°С-тан +14+19°С-қа, *күндіз* +20+25°С-тан, облыстың оңтүстігінде +29°С-тан +34+39°С-қа дейін жоғарылайды. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температураның *түнде* +14+19°С-тан +9+14°С-қа, *күндіз* +34+39°С-тан +29+34°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +9+14°-қа дейін, *күндіз* +34+39°С-тан +21+26°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +14+19°С-тан +9+14°-қа дейін, *күндіз* +26+31°С-тан +21+26°С-қа дейін төмендейді. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +16+21°С-қа, *күндіз* +30+35°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың оңтүстік жартысында *норма шамасында,* облыстың солтүстік жартысында *нормадан көп* күтіледі (норма: 20-55 мм).

Бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында өткінші жаңбыр жауады деп күтілуде. Айдың бірінші жартысында, екінші, үшінші онкүндіктердің соңында найзағай болуы мүмкін. 15-20 м/с жел бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің басында, жиі үшінші онкүндікте күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің соңында болжанады.



## Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +14,4+23,5°С деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +14,6+23,7°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +8+13°С-тан +13+18°С-қа, *күндіз* +16+21°С-тан +25+30°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* +18°С-тан +24°С-қа, *күндіз* +27°С-тан +36°С-қа дейін жоғарылайды.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +13+18°С-тан +8+13°С-қа, *күндіз* +25+30°С-тан +20+25°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде *түнде* +24°С-тан +20°С-қа дейін, *күндіз* +36°С-тан +33°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +13+18°С-тан +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан +20+25°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +15+20°С-қа, облыстың таулы аудандарында +10°С-қа дейін, *күндіз* +27+32°С-қа, облыстың оңтүстігінде +36°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері оңтүстік жартысында *норма шамасында*, облыстың солтүстік жартысында *нормадан көп* болады деп күтілуде (норма: 24-64 мм, облыстың таулы аудандарында 61-85 мм).

Айдың бірінші жартысында өткінші жаңбыр жауады деп күтілуде. Найзағай бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, жиі екінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады. 15-20 м/с жел айдың бірінші жартысында жиі, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі.



## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +27,0+30,3°С деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың оңтүстігінде – *нормадан 1° жоғары* (норма: +26,9+29,3°С).

Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* +23+28°С-тан +18+23°С-қа, *күндіз* +35+40°С-тан +30+35°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +16+21°С, *күндіз* +30+35°С дейін одан әрі төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы *түнде* +16+21°С-тан +21+26°С-қа, *күндіз* +30+35°С-тан +37+42°С-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +21+26°С-тан +16+21°С-қа, *күндіз* +37+42°С-тан +30+35°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +23+28°С-қа, *күндіз* +39+44°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз*, облыстың солтүстігінде *норма шамасында* күтіледі (норма: 3-8 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында және ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болуы ықтимал. Шаңды дауыл бір ай ішінде жиі күтіледі.



**Түркістан облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +17,5+31,1°С деп күтілуде, бұл облыстың солтүстік жартысында *норма шамасында,* облыстың оңтүстік жартысында *нормадан 1° жоғары* (норма: +17,5+30,0°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +22+27°С-тан +17+22°С-қа, *күндіз* +34+39°С-тан +29+34°С-қа, облыстың таулы аудандарында *түнде* +15°С-тан +10°С-қа дейін, *күндіз* +25°С-тан +22°С дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +17+22°С дейін, *күндіз* +29+34°С дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +10°С дейін, *күндіз* +17+22°С дейін төмендеуі болжанады. Содан кейін, ауа температурасының *түнде* +20+25°С-қа, *күндіз* +32+37°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +13°С-қа, *күндіз* +20+25°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +22+27°С-тан +15+20°С-қа, *күндіз* +36+41°С-тан +31+36°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +15°С-тан +10°С-қа дейін, *күндіз* +25°С-тан +20°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +23+28°С-қа, *күндіз* +39+44°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +16°С-қа, *күндіз* +26°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз,* облыстың солтүстік-шығысында – *норма шамасында* болжанады (норма: 1-17 мм, облыстың таулы аудандарында 13-26 мм).

Өткінші жаңбыр, бұршақ айдың ортасында күтіледі. Найзағай айдың ортасында және үшінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. 15-20 м/с жел, шаңды дауыл айдың ортасында, үшінші онкүндіктің басында және соңында болжанады.



**Жамбыл облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +22,0+28,4°С деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың оңтүстігінде – *нормадан 1° жоғары* (норма: +21,6+27,4°С).

Бірінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* +16+21°С-тан +11+16°С-қа, облыстың оңтүстігінде +20°С-қа дейін, *күндіз* +32+37°С-тан +27+32°С-қа, облыстың оңтүстігінде +38°С-қа дейін ауытқуы күтіледі. Содан кейін *түнде* ауа температурасының +19+24°С дейін, *күндіз* +35+40°С дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +19+24°С-тан +9+14°С-қа, *күндіз* +35+40°С-тан +25+30°С-қа, облыстың таулы аудандарында +20°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +15+20°-қа, *күндіз* +30+35°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +18+23°С-тан +12+17°С-қа, *күндіз* +33+38°С-тан +28+33°С-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +19+24°С-қа, *күндіз* +35+40°С-қа, облыстың шығысында +42°С-қа дейін біртіндеп көтерілуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі. (норма: 7-19 мм, облыстың таулы аудандарында 20-32 мм).

Өткінші жаңбыр екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында күтіледі. Бұршақ айдың ортасында болжанады. 15-20 м/с жел екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында күтіледі.



**Алматы облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +9,4+27,6°С деп күтілуде, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың оңтүстігінде – *нормадан 1° жоғары* (норма: +8,5+26,6°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +9+14°С-қа, *күндіз* +30+35°С-тан +21+26°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +7°С-тан +2°С-қа, *күндіз* +15+20°С-тан +8+13°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +19+24°С-қа, *күндіз* +32+37°С-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +40°С-қа дейін, облыстың таулы аймақтарында *түнде* +8+13°С-қа, *күндіз* +15+20°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы төмендейді деп күтілуде.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +14+19°С-тан +9+14°С-қа, *күндіз* +30+35°С-тан +23+28°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +5+10°С-тан +2°С-қа, *күндіз* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +14+19°С-қа, *күндіз* +28+33°С-қа дейін, таулы аудандарда *түнде* +5+10°С-қа, *күндіз* +18+23°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* +14+19°С-тан +9+14°С-қа, *күндіз* +30+35°С-тан +25+30°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* +5°С-тан +2°С-қа, *күндіз* +23+28°С-тан +20+25°С-қа дейін төмендейді. Екінші жартысында ауа температурасының *түнде* +18+23°С-қа, *күндіз* +33+38°С-қа дейін, таулы аудандарда *түнде* +10+15°С-қа, *күндіз* +25+30°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі. (норма: 11-34 мм, облыстың таулы аудандарында 42-138 мм).

Өткінші жаңбыр, найзағай, 15-20 м/с жел, дауыл бір ай ішінде жиі күтіледі. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің соңында, екінші онкүндіктің ортасында болады деп болжануда. Тұман айдың ортасында болуы мүмкін.



**Жетісу облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +18,1+27,1°C деп күтілуде, бұл *норма шамасында* (норма: +17,9+26,1°C).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +15+20°C-тан +10+15°C-қа, облыстың таулы аудандарында +5°C-қа дейін, *күндіз* +27+32°C-тан +22+27°C-қа, облыстың таулы аудандарында *күндіз* +21°C-тан +15°C-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +18+23°C-қа, *күндіз* +34+39°C-қа дейін, облыстың таулы аудандарында +25°C-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +18+23-тан +8+13°C-қа дейін, *күндіз* +34+39°C-тан +20+25°C-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *күндіз* +25°C-тан +15°C-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* +14+19°C-қа, *күндіз* +28+33°C-қа дейін жоғарылайды.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* +14+19°C-тан +9+14°C-қа дейін, *күндіз* +28+33°C-тан +23+28°C-қа дейін, облыстың оңтүстігінде +33°C-қа дейін төмендейді деп күтілуде. Содан кейін *түнде* ауа температурасының +18+23°C-қа дейін, *күндіз* +30+35°C-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 11-28 мм, облыстың таулы аудандарында 38-80 мм).

Өткінші жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және ортасында болуы ықтимал. 15-20 м/с жел әр онкүндіктің басында болжанады.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz

Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мангілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz